№21 ПБ/1 тауарлық газды бөлшек саудада өткізу шарты

Астана қ. 2025 ж. «31» желтоқсан

«QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, (заңды тұлғаны мемлекеттік кайта тіркеу туралы анықтаманы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Астана қаласы бойынша филиалының заңды тұлғаларды тіркеу басқармасы берген), «QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ Астана өндірістік филиалы директорының м.а. Балабеков Е.Б. тұлғасында, 15.12.2025 жылғы №111 сенімхаты негізінде әрекет етеді, бір жақтан, және Астана қаласы әкімдігінің "Наз" мемлекеттік би театры" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, бұдан әрі «Тұтынушы» деп аталатын, оның атынан Жарғы негізінде әрекет ететін, директоры Агимбаев Е.М., бұдан әрі "Тұтынушы" деп аталатын, келесі жақтан, бірігіп «Тараптар» деп аталып, төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты:

ШАРТТА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

Шартта келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

1) **тауарлық газ (бұдан әрі – Газ)** - құрамында метаны басым көмірсутегілердің газ тәріздес күйде болатын, шикі газды өңдеу өнімі болып табылатын және құрамдастарының сапалық және сандық құрамы бойынша техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың талаптарына сай келетін көпқұрамдас қоспасы;
2) **есепке алу аспаптары** – мынадай функцияларды: газды өлшеуді, жинауды, сақтауды, оның шығысы, көлемі, температурасы, қысымы және аспаптардың жұмыс уақыты туралы ақпарат көрсетуді орындайтын өлшеу құралдары мен басқа да техникалық құралдар;
3) **газ беру пункті** – Газды есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша Тұтынушыға немесе оның өкілетті өкіліне Газды беру жүзеге асырылатын, Шарттың №1 Қосымшасында көрсетілетін Газ тасымалданатын пункт;
4)) **есеп айырысу кезеңі** - жеткізіліп берілген газдың көлемі анықталатын, Жеткізуші мен Тұтынушы арасында жеткізіліп берілген газ үшін өзара есеп айырысу жүргізілетін кезең. Есеп айырысу кезеңі бір күнтізбелік айды құрайды;
5) **газды жеткізудің (тұтынудың) орташа тәуліктік нормасы** - Жеткізуші мен Тұтынушы арасындағы Шартта белгіленген бір айдағы газ көлемін тиісті айдың күнтізбелік күндерінің санына бөлу жолымен айқындалатын газ көлемі;
6) **газды жеткізудің (тұтынудың) орташа сағаттық нормасы** - Шартпен белгіленген, Газ жеткізудің орташа тәуліктік нормасын 24 сағатқа бөлу арқылы анықталатын Газдың көлемі.
7) **тұтынушы** – коммуналдық-тұрмыстық тұтынушы;
8) **жеткізу** – газды бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызмет;
9) **жеткізуші** – тауарлық газды бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын тұлға;
10) **өкіл** – Жеткізушінің және/немесе биллинг компаниясының өкілі/қызметкері;
11) **биллинг компаниясы** – Жеткізушіге Газдың тұтынылуын есепке алу, төлемдерді жинау тұтынушылармен абоненттік жұмыстарды жүргізу бойынша қызметтерді көрсететін компания;
12) **газ тарату ұйымы** - Газды газ тарату жүйесі арқылы тасымалдауды, газ тарату жүйесін техникалық пайдалануды, сондай-ақ газды көтерме және бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын заңды тұлға;
13) **газ тұтыну жүйесі** – газ тарату жүйесінен тауарлық газды немесе топтық резервуарлық қондырғыдан сұйытылған мұнай газын қабылдауға, сондай-ақ оларды отын және (немесе) шикізат ретінде пайдалануға арналған газ құбырлары (желілік бөлік) мен газ жабдығы кешені;
14) **уәкілетті орган** – табиғи монополиялар және қоғамдық маңызы бар нарық салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган.
15) **өндіруші** – тауарлық газды өндіруді жүзеге асыратын заңды тұлға;
16) **газ тұтыну (газ) жабдығының қуаттылығы** –тәулігіне 24 сағат жұмыс істеу есебінен газ жабдығының максималды жиынтық қуаты;
17) **диспетчерлік кесте** - жеткізушімен тасымалдаушыға берілген өтінімге сәйкес газ жеткізудің сағаттық кестесі;
18) **газ тұтыну броні** – отынның резервтік түрлерін барынша пайдаланған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес тұтынушыларға ең төмен көлемде газ жеткізу тоқтатылмайтын олардың технологиялық жабдығының үздіксіз және авариясыз жұмысы үшін қажетті ең төмен газ тұтыну көлемі;
19) **ысырмалы кран** – газ тұтыну жабдығының алдындағы газ құбырындағы бекіту құрылғысы;
20) **пайдалану жауапкершілігінің шекарасы** – газ тарату желілері мен газ тұтыну жүйелерінің мүліктік тиесілігінің ара-жігін бөлу нүктесі, ол сондай-ақ пайдалану жауапкершілігінің аражігін айқындайды, әдетте қосылу нүктесімен сәйкес келеді.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Шарт 2012 жылғы 9 қаңтардағы № 532-IV «Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 3 қарашадағы № 96

QAZAQGAZ AIMAQ» AK
Астанинский производственный филиал
Для договоров Службы Сбыта
и Режима Газоснабжения

бұйрығымен бекітілген Тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізу және пайдалану қағидалары және Қазақстан Республикасының басқа әрекеттегі нормативтік құқықтық актілері негізінде жасалды.
1.2. Газ Шарт бойынша Қазақстан Республикасының әрекеттегі заңнамасы шеңберінде ақылы тауар болып танылады.

2. ШАРТ МӘНІ

2.1. Жеткізуші Газды Тұтынушыға жеткізуге және беруге міндеттенеді, ал Тұтынушы Газ беру пунктінде Газдың келісілген көлемін қабылдауға, оны Шарт талаптарына сәйкес төлеуге міндеттенеді.
2.2. Газды тиісінше жеткізу үшін мынадай құжаттардың болуы Шартты жасасудың талаптары болып табылады:
1) Тұтынушы тарапынан – газбен жабдықтау жобасының, газ тұтыну жабдығына паспорттың, газ тұтыну жүйесін пайдалануға қабылдау актісінің, газ құбырын салу паспортының, желдету арналары мен түтін мұржаларын зерттеп-қарау актісінің, газбен жабдықтау жүйелері объектілерін қауіпсіз пайдалануға жауапты адамды тағайындау туралы бұйрықтың, сондай-ақ газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуге жасалған шарттың болуы;

Тұтынушы оның газ тұтыну объектілері Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 165 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10666 болып тіркелген) Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларымен айқындалған техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызылған кезде Газ беруге әзірлігін растайтын құжаттар ұсынады.
2) Жеткізуші тарапынан – Газдың тиісті көлемі туралы растайтын құжаттың болуы.
2.3. Газды жеткізу көлемі, Газ бағасы, Газды беру пункті және Газды жеткізудің айлық кестесі Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №1 Қосымшада көрсетіледі.
2.4. Келесі Қосымшалар Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады:
№1 Қосымша - Газдың келісілген көлемдері, бағасы және Газ беру пункті туралы мәліметтер;
№2 Қосымша – Газды жеткізу актісінің нысаны;
№3 Қосымша – Есепке алу аспаптарының техникалық ерекшеліктері.

3. ГАЗДЫ ЖЕТКІЗУ ТӘРТІБІ

3.1. Тұтынушы бірыңғай газ жүйелерінің объектілерін, аспаптарын және жабдықтарын пайдалану кезінде қауіпсіздік шараларын сақтаған жағдайда, газ құбырлары, жабдықтары, құрылғылары және есепке алу аспаптары тиісті техникалық (түзу) жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына, стандарттарына және нормативтеріне сәйкес болған жағдайда, Тұтынушыны газбен қамтамасыз ету жүргізіледі.
3.2. Егер Қазақстан Республикасымен бекітілген халықаралық келісімдермен басқа талаптар бекітілмесе, Жеткізушімен Тұтынушыға жеткізілетін газдың сапасы физика-химиялық көрсеткіштері бойынша Қазақстан Республикасында қабылданған стандарттарға және нормативтерге сәйкес болуы тиіс.
3.3. Даулы жағдайда, Газдың сапасы екі жақтың бірлесіп газды талдауға алуы және тиісті акт құрып, оны тәуелсіз зертханада талдаудан өткізуі арқылы анықталады. Бұл ретте Газды талдауға байланысты барлық шығындарды Тұтынушы көтереді.
3.4. Газды жеткізу №1 Қосымшада көрсетілген, Тараптармен келісілген кесте бойынша жүзеге асырылады.
3.5. Газды жеткізудің көлемдері және мүмкіндігі магистральдық газ құбырларының және газ тарату жүйелерінің өткізу қабілеті есебімен анықталады.
3.6. Жеткізуші біржақты тәртіппен тұтынушыға Газ беруді бұзушылықтарды жойғанға дейін мынадай жағдайларда:
1) Тұтынушы газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздік талаптарын бұзғанда;
2) Газды заңсыз тұтынуға әкеп соққан газбен жабдықтау жүйесіне өз бетінше және/немесе заңсыз қосылғанда;
3) газбен жабдықтау жүйесі объектілері техникалық істен шыққанда;
4) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 3 қарашадағы № 96 бұйрығымен бекітілген Тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізу және пайдалану қағидаларының 3-тармағында көзделген Газды бөлек есепке алуды жүргізу жөніндегі шарттың талаптары бұзылған жағдайларда тоқтата тұрады.
3.7. Жеткізуші жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізу және жаңа тұтынушыларды қосу үшін Газ беруді тоқтата тұру туралы тұтынушыны ағытуға дейін кемінде қырық сегіз сағаттан кешіктірмей ескертеді.
3.8. Жеткізуші тұтынушыға алдын ала хабарланған сәттен бастап күнтізбелік бес күннен ерте емес жағдайларда Газ беруді мына жағдайларда:
1) Жеткізуші өкілдерін газ құбырларына, газ жабдықтары мен есепке алу аспаптарына жібермегенде;
2) газ тарату ұйымының техникалық шарттарын алмай газ желілерін қайта жабдықтағанда;
3) Шартта белгіленген тәртіппен және жағдайларда жеткізілген Газ көлемі үшін дебиторлық берешек болса тоқтата тұрады;

Газ беруді тоқтату (шектеу) туралы хабарлама Тұтынушыға электрондық поштамен, пошта жөнелтілімімен, қысқа мәтіндік хабарламамен, мультимедиалық хабарламамен, қолданыстағы мессенджерлермен не хабархаттың немесе шақырудың тіркеліп-бекітілуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдары пайдаланылып жіберіледі.

3.9. Тұтынушы Шарттың 3.6., 3.8. және 5.8.-тармақтарында берілген, газдың берілуін тоқтататын себептерді жойғаннан кейін, сондай-ақ Тұтынушы Шартқа сәйкес берешектерді, тұрақсыздық айыбы төлемдерін, газбен жабдықтау жүйелерінен ажырату және қосу қызметтерін төлегеннен кейін газдың берілуі жаңартылады.

Жеткізуші газды қосу жоспарланған күн туралы Тұтынушыға газды жеткізуді қайтадан бастау туралы шешім қабылданған күні хабарлайды. Тұтынушыны ажырату себептері жойылғаннан кейінгі Газды жеткізуді қайтадан бастаудың шекті мерзімі Газды жеткізуді қайтадан бастау туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күннен аспауы тиіс.

Шартта көзделген негіздер бойынша Газдың жеткізілуі қысқартылған немесе тоқтатылған кезде, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылар мен Газ өндірушілер тарапынан тауарлық газды беруді шектеген жағдайда, Жеткізуші Газ жеткізуді тоқтатуға немесе қысқартуға, ажыратуға байланысты Тұтынушының шығындарына және залалдарына ешқандай жауапты болмайды.

3.10. Авариялық жағдайлардың және өзге еңсерілмейтін күш жағдайларының салдарынан газдың жеткізілуі шектелген жағдайда, Жеткізуші газбен жабдықтаудан тұтынушыларды ажырату кезектілігін белгілеуге шейін, тұтынушыларға Газды жеткізуді шектеу кестесін бекітуге құқылы.

Бекітілген кестелер Тұтынушыға Жеткізушінің диспетчерлік қызметі арқылы 8 (7172)55-89-76 телефонымен хабарланады.

3.11. Тараптар Газды жеткізуге және қабылдауға тікелей қатысы бар, газбен жабдықтау жүйесінде туындауы мүмкін немесе туындаған авариялық және апат алдындағы жағдайларға байланысты оқиғалар туралы бір-біріне дереу хабарлайды.

3.12. Күзгі-қысқы кезеңде Жеткізуші резерв (авария) ретінде отынның басқа да түрлері белгіленген Тұтынушының Газ шығынын газ тұтыну броніне дейін қысқартуды көздеуге құқылы.

4. ГАЗДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ТӘРТІБІ

4.1. Газ көлемінің есебінсіз оны жеткізуге және алуға рұқсат етілмейді. Тұтынушымен пайдаланылатын Газдың көлемін есепке алу:

1) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік стандартының уәкілетті органында тиісті аттестацияланған, Тараптармен комерциялық деп танылған, №3 Қосымшада көрсетілген, Газды қабылдау (беру) пункттерінде орнатылған есепке алу аспаптары бойынша;

2) есепке алу аспаптары болмаған жағдайда, олар бұзылған немесе газ жабдығының параметрлеріне сәйкес болмаған, сондай-ақ байқауаралық интервалдың мерзімі өткен кезде – газ тұтыну жабдығының қуаттылығы бойынша жүргізіледі.

4.2. Есепке алу аспаптарының көрсеткіштері олар техникалық түзу болғанда, барлық өлшеу құралдарының лейблі, пломбалары, тексеру туралы сертификаты, паспорттары болса және Қазақстан Республикасында қабылданған стандарттардың және нормативтердің талаптарына сәйкес барлық рәсімдер дұрыс жүргізілген жағдайда, жарамды деп танылады.

Егер Тараптардың бірінде Газды есепке алу аспабының көрсеткішінің дұрыстығына күмән болған жағдайда, есепке алу аспабын кезектен тыс тексеруден өткізуге байланысты барлық шығындарды бастама жасаған Тарап өзіне алады.

4.3. Жеткізілген газдың көлемі есепке алу аспаптары бойынша есепке алынған жағдайында, Тараптар:

1) есепке алу аспаптарының кез келген торабын және элементін, Газ есебіне қатысы бар бекіткіш арматурасын олардың қалыпты жұмысын бұзбау үшін оларды пломбалауға құқылы. Пломба салу барлық қажетті мәліметтер көрсетілген Актімен ресімделеді. Пломба салу туралы Актілер Тараптарға беріледі.

2) есепке алу аспаптарының көрсеткіштері жазбасы 8.146-75 Мемлекеттік стандартқа сай келуі тиіс болатын картограммада тіркелетін болса, онда Жеткізуші Тұтынушымен қолданылатын картограммаларға өзінің қолы мен мөрін басуға құқылы, ал Тұтынушы Жеткізушінің қолы қойылған картограммаларды ғана пайдалануға міндетті.

4.4. Тараптар:

- Тараптардың келісімі бойынша жоспарлы;
- есепке алу аспаптарының иесіне ескертпей, жоспардан тыс Газды есепке алу аспаптарын өзара тексеруге құқылы.

Жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер жүргізу тексерушілердің газ тұтыну жүйелерінің объектілеріне және ондағы есепке алу аспаптарына, Газдың көлемдерін беруге және есепке алуға байланысты басқа жабдықтарға және құжаттамаларға тәулік бойы кедергісіз қол жеткізуін қамтиды.

Тараптардың бірінші басшылары немесе Тараптардың өкілетті тұлғасы жоспардан тыс тексеру жүргізуге құқығы бар тұлғаларды тағайындайды және тауарлық газды пайдалану тәртібінің бұзылуы анықталған жағдайда фото-бейне жасауға құқығы бар. Кенеттен тексеру жүргізуге өкілеттігі бар тұлғалардың тізімінің көшірмесі Тұтынушыға беріледі.

Ескі тізім жойылғаннан кейін тізім жаңартылады.

«QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ
Астанинский производственный филиал
Для договоров Службы Сбыта
и Режима Газоснабжения

Газды есепке алу аспаптары орнатылған күзетулі аймақ пен ғимаратқа өту жеке куәліктің көрсетілуімен жүзеге асырылады. Күзетші және өкілетті өкіл есепке алу аспаптарына тексерушінің тәулік бойы кедергісіз өтуін қамтамасыз етуге және өз аумағында ертіп жүруге, сонымен қатар, тиісті актілерге қол қоюға міндетті.

4.5. Газды жеткізу айында нақты жеткізілген Газдың көлемі Газды жеткізу актімен (бұдан әрі- Акт) расталады.

Тараптар есепті кезеңнен кейінгі айдың 1 күніне дейін Шарттың №2 Қосымшасына сәйкес осы Актіні құрады және Акт ресімделген күннен бастап бір күннің ішінде газ жеткізу айының соңғы күні қойылатын Актіге қол қоюға міндетті.

4.6. Тұтынушы жеткізілген Газдың көлемдерін анықтаумен келіспеген жағдайда, бір күндік мерзімде Жеткізушіге жазбаша түрде Актіге қол қоюдан дәлелді бас тартуды жолдайды. Тұтынушы дәлелді бас тартуда міндетті түрде Газдың даусыз көлемін, сондай-ақ Газдың даулы көлемі бойынша негіздемелерді көрсетеді.

4.7. Тұтынушы көрсетілген мерзімде дәлелді бас тартуды бермесе не осындай бас тартуды Газдың даусыз көлемін, сондай-ақ Газдың даулы көлемі бойынша негіздемелерді көрсетпей берсе, Жеткізуші Шартқа №1 Қосымшада көрсетілген көлемдерден өз бетінше көлемдерді бөледі, көлемдер Тараптармен қабылданды деп саналады және олар толық көлемдегі Актіге қол қоюға міндетті.

4.8. Газды жеткізу акті Шарттың ажырамас бөлігі және Тараптар арасындағы өзара есептесулер үшін негіз болып табылады.

4.9. Уәкілетті органмен белгіленген Газды есепке алу аспаптарын аралық тексеруден өткізу интервалының аяқталуына байланысты не Жеткізушінің берген ұйғарымы (хабарламасы) негізінде және Газды есепке алу аспаптарын тексеруді жүргізу үшін Газ беудің тоқтатылуына байланысты Жеткізушінің есепке алу аспабы жоспарлы тексерілген жағдайда, Жеткізуші Тұтынушыда өндірістің тоқтауына байланысты Тұтынушының шығындарына (алынбаған пайдаға) жауапты болмайды.

4.10. Жеткізушінің өкілдерімен Тұтынушының пломбаны үзуі, Тұтынушының Газды рұқсатсыз алу (ұрлау) мүмкіндігіне жол беретін пломбаны жұлып алуға, пломбаны не есепке алу аспабына ықпал еткені, техникалық шарттарды алмай – газбен жабдықтау жүйесіне өздігінен қосылуы, қосымша газ жабдығын немесе қуатын ұлғайта отырып жабдықты монтаждауы, сондай-ақ газ тарату ұйымының келісімінсіз – есепке алу аспаптарын монтаждауы, бөлшектеуі, пайдалануға жарамды есепке алу аспабын ауыстыруы айқындалған жағдайда, Жеткізуші соңғы тексеру өткізілген күннен бастап анықталған күнге дейінгі, бірақ екі айдан аспайтын кезеңге газ тұтыну жабдығының алдындағы ысырмалы кранға дейінгі газ құбырының өткізгіштік қабілеті бойынша Газ шығынына қайта есеп жүргізеді.

Есепке алу аспаптарына дейін және Газды ұрлау фактілері және Газды ұрлаудың басқа түрлері анықталған жағдайда, Өнім беруші мұндай факт туралы аумақтық ішкі істер органдарын дереу хабардар етеді және бұзушылық фактісін одан әрі құжаттай отырып, оқиға болған жерді бірлесіп тексереді.

Газбен жабдықтауға қосылу схемасын тексеру Жеткізушінің өкілдерімен құрылған, газбен жабдықтауға қосылу схемасын тексеру актісімен расталады.

4.11. Шарттың 4.10-тармағында айтылған бұзушылықтар Тараптардың өкілдерімен қол қойылатын, айқындалған бұзушылықтар актісімен ресімделеді. Тұтынушы жасалған актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, оған заңды күш беру үшін айқындалған бұзушылықтар актісінде құрамында 3 (үш) адамнан кем емес Жеткізуші өкілінің қолының болуы жеткілікті болып саналады. Айқындалған бұзушылықтар акті әр Тарапқа бір дана бойынша, екі данада құрылады. Айқындалған бұзушылықтар Акті негізінде Жеткізуші Шарттың 4.10- тармағына сәйкес Газ көлемін қайта есептеуді жүргізеді.

4.12. Газ тұтыну жүйесінің объектілеріндегі Газды есепке алу аспабын ұстауға, техникалық жағдайына және тексерілуіне есепке алу аспаптарының иелері жауапты болады.

4.13.Жеткізушінің Газды есепке алу аспабы Тұтынушының аумағында болған жағдайда, оның сақталуына соңғы жауапты болады.

4.14.Жеткізуші өкілімен бөлу шекарасынан есепке алу аспабына дейінгі учаскеде газдың шығуы анықталған кезде, Газдың шығуы туралы тиісті акт құрылады. Бұл жағдайда есепке алынбаған Газ көлемі тиісті әдістемеге сәйкес есептеледі және Тұтынушымен соңғы тексеру күнінен бастап қайтарылады.

4.15. Газдың көлемін өлшеу бірлігін есепке алу мақсатында Цельсий бойынша 20 градус температура және сынап бағанының 760 миллиметр қысымы кезінде газдың бір текше метрі қабылданады.

4.16. Егер сыртқы орта параметрлері Шарттың 4.15 тармағында көрсетілгеннен ерекшеленген жағдайда, ал есепке алу аспаптары тиісті корректормен жабдықталмаса, Жеткізуші пайдалану жөніндегі басшылыққа, есепке алу аспабының паспортына сәйкес немесе заңнамамен белгіленген тәртіппен Газдың жұмыс параметрлерін стандарттар шарттарына келтіру жолымен корректорларсыз есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін қайта есептеуді жүзеге асырады.

4.17. Тұтынушы Жеткізушімен тәуліктің кез келген уақытында Газды жеткізу режимдерін өзгертуге жедел ықпал ету үшін Газды тұтыну объектісін телефон байланысымен қамтамасыз етеді. Телефон байланысы болмаған жағдайда, Жеткізуші газды жеткізу режиміне жауапты болмайды.

5. ТӨЛЕМ ТӘРТІПТЕРІ

5.1. Тұтынушымен Шарт бойынша Газды жеткізу үшін төлем Шарттың №1 Қосымшасында көрсетілген Газға арналған баға бойынша, шот-фактура негізінде және Тұтынушыға бюджет бағдарламасы, ішкі бағдарлама, ерекшелік бойынша бөлінетін қаражат есебінен Тараптармен келісілген газды жеткізу көлемі негізінде Жеткізушінің есептік шотына жүргізіледі:

_____

_____

_____

_____.

Түпкілікті төлем шот-фактура қойылған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде жүргізіледі.

5.2. Газдың бағасы негіздемелер болған жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзгертілуі мүмкін.

Газ бағасының өзгергені туралы ақпарат Тұтынушыға бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) арқылы жеткізіледі.

5.3. Шарттың жалпы сомасы №1 Қосымшада көрсетіледі және Газ бағасының өзгеруіне сәйкес өзгертілуі мүмкін. Бұндай жағдайда Тараптар бағаның өзгеруін оған сәйкес Шарттың жалпы сомасының өзгеруін есепке ала отырып, Шартқа қосымша келісімге қол қояды.

5.4. Жеткізуші ҚҚС төлеуші болып табылады

5.5. №1 Қосымшаға сәйкес баға бойынша есептелген, бір айда нақты жеткізілген Газ бағасының сомасы Газды жеткізу Актісімен расталады, Жеткізуші оның негізінде есепті айдан кейінгі айдың 15-ші күнінен кешіктірілмей шот-фактура қояды.

5.6. Шарттың 4.6-тармағында айтылған жағдайда, Тұтынушы Газдың даусыз көлемінің төлемін Газды жеткізу Актіге қол қоюдан бас тарту туралы негіздер берілген күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде жүргізуі тиіс.

5.7. Шарттың 4.7-тармағында айтылған жағдайда, Тұтынушы Газдың қабылданған көлемінің төлемін Газды жеткізу Актіге қол қоюдан бас тарту туралы негіздерді беру мерзімі өткен күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде жүргізуі тиіс.

5.8. Тұтынушы газ үшін төлем бойынша өз міндеттерін орындамаған жағдайда, Жеткізуші:

- Шарттың 8.1-тармағына сәйкес өсімпұл қолдануға;
- Шарттың 3.8-тармағына сәйкес Газ жеткізуді тоқтатуға құқылы.

Бұл ретте Жеткізуші Газ жеткізуді тоқтатуға немесе қысқартуға байланысты залалдар мен шығындар үшін жауап бермейді.

5.9. Тараптар ай сайын әр айдың 25 (жиырма бесінші) күніне дейін Жеткізуші ресімдеген Газ жеткізу және жүргізілген төлемдер жөніндегі салыстырып тексеру Актіге қол қояды.

Салыстырып тексеру актісіне әр Тараптың бірінші басшысы немесе өкілетті өкілі және бас бухгалтері қол қояды және Тараптардың мөрлерімен расталады.

5.10. Газ үшін төлем сомасынан бірінші кезекте өсімақы сомасы өтеледі, екінші кезекте газ үшін берешек сомасы және нортариалдық/сот шығындары өтеледі, үшінші кезекте ағымдағы кезең үшін тұтынылған газ сомасы есептеледі.

Егер ағымдағы ай үшін төлем сомасы нақты жеткізілген Газдың бағасынан артық болса, онда артық сома келесі ай үшін төлем есебіне саналады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Тұтынушы:

1) Шартта белгіленген сападағы және айтылған сандағы Газды алуға және пайдалануға;

2) заңнамада белгіленген тәртіпте Газ бағасы туралы ақпаратты алуға;

3) Шарттарды жасауға және орындауға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сот органдарына өтініш білдіруге;

4) Жеткізушіге бір ай бұрын Шарттың бұзылатыны туралы хабарланған және Газ жеткізу үшін толық төлем жасалған жағдайда, Жеткізушімен жасалған Шартты бір жақты тәртіппен бұзуға құқылы.

6.2. Тұтынушы:

1) Шарт талаптарына сәйкес төлемді толық көлемде және уақытылы жүргізуге;

2) Газды пайдалану кезінде техникалық қауіпсіздік талаптарын сақтауға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жеткізушімен белгіленген техникалық талаптарды орындауға;

4) Газды Шарт талаптарына сәйкес пайдалануға, оның тиімді жұмсалуын қамтамасыз етуге, газ тұтыну режимін және оперативті-диспетчерлік тәртіпті сақтауға;

5) Шартты бұзатын жағдайда, Шарт бойынша толық төлем жүргізіп, Жеткізушіге Шарт бұзылғанға дейін бір ай бұрын кешіктірмей хабарлауға;

6) объектілердің үздіксіз жұмысының бұзылуын болдырмау үшін резерв ретінде баска отын түрлері орнатылған тұтынушыларда қажетті мөлшерде резервті (авариялық) отын түрі болуы тиіс және қажеттілік болған жағдайда, энергиямен қамтамасыз ететін қосымша резерв көзі ретінде оны іске қосуға міндетті;

«QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ
Астанинский производственный филиал
Для договоров Службы Сбыта
и Режима Газоснабжения

7) Жеткізушіге өндірісті жоспарлы тоқтау туралы осындай тоқтату болғанға дейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын хабарлауға;
8) Жеткізушінің диспетчерлік пунктіне тәулігіне жеткізілген газдың көлемі, оның тәулікттік орташа қысымы, температурасы және қысым айырмасы туралы ақпаратты беретін өзінің жауапты тұлғасын тағайындауға;
9) ай сайын, айдың 25-не дейін Шарттың 5.9.-тармағына сәйкес салыстырып тексеру актілеріне қол қоюға;
10) Шартты жасау кезінде, сонымен қатар одан кейін жыл сайын 15 қаңтарға дейінгі мерзімде газ тұтыну жүйелері мен газ жабдығына техникалық қызмет көрсету шартын ұсынуға;
11) Газды есепке алу схемасын өзгертуге немесе бұзуға байланысты кез келген жұмыс түрін жүргізу кезінде жұмысты бастамас бұрын газ тарату ұйымының техникалық шарттарын алуға міндетті.

6.3. Жеткізуші:

1) жеткізілген Газ үшін төлемді толық көлемде және уақытылы алуға;
2) Газдың тұтынылуына және Газ жеткізу үшін төлемнің уақытылы төленуіне бақылау жасауға;
3) Шартпен көзделген жағдайларда Газдың жеткізілуін тоқтатуға;
4) Тұтынушыдан газ жабдықтарының және Газды есепке алу аспаптарының қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз етуді талап етуге;
5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Тұтынушымен газ тұтыну режимін сақтау үшін міндетті техникалық талаптарды белгілеуге;
6) Тұтынушы нақты қойылған шот-фактура бойынша төлемді 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен аса өтемеген жағдайда, Тұтынушы туралы барлық қолында бар ақпаратты «Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» ҚР Заңына сәйкес Кредит бюросына беруге;
7) расталған көлем болмаған жағдайда, Газды жеткізу көлемдерін арттырудан бас тартуға;
8) Тұтынушы криптовалюта майнингі бойынша қызметті жүзеге асыратын компаниялар үшін немесе майнингтік фирмаларға электр энергиясын тасымалдайтын және/немесе өткізетін компаниялар үшін электр энергиясын өндіру мақсатында, Газды пайдаланған жағдайда Тұтынушыға Газ беруді шектеуге;
9) жеткізушінің келісімінсіз газдың артық шығыны болған кезде Ұлттық оператормен келісілген газ ресурстары болмаған жағдайда, Тұтынушыға Газ беруді шектеуге/тоқтатуға құқылы.

6.4. Жеткізуші:

1) Шартпен белгіленген мерзімде жеткізілген Газдың сапасына және санына бақылау жасауға және есеп жүргізуге;
2) тұтынылатын Газ көлемдерін бақылауға;
3) Шарттың 5.5.-тармағына сәйкес ай сайын Тұтынушыға шот-фактураларды беруге;
4) Газды жеткізуге ықпалын тигізетін кез келген төтенше жағдайлар немесе авариялар туралы Тұтынушыға дереу хабарлауға, сонымен қатар Газды жеткізуді тұрақты ету үшін барлық қажетті іс-әрекеттерді қабылдауға;
5) Тұтынушыға немесе оның уәкілетті өкіліне Газды жеткізу мәселелері жөніндегі ақпаратты беруге міндетті.

7. ТАРАПТАРДЫ ШЕКТЕУ

7.1. Тараптарға Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын немесе Тараптардың құқықтарын шектейтін өзге іс-әрекеттерді жасауға тыйым салынады.

8. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

8.1. Тұтынушы Шарттың 5.5.-тармағында көрсетілген мерзім өткен сәттен бастап, есепті кезеңде нақты жеткізілген Газ үшін төлем жөніндегі өз міндеттерін орындамаған жағдайда, Жеткізуші берешектер толық өтелген сәтке дейін бар берешекке әрбір кешіктірілген күн үшін, ақшалай міндеттемелерді нақты орындау күні әрекет ететін, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен белгіленген қайта қаржыландырудың 1,5 есе мөлшерлемесі мөлшерінде өсімпұл есептейді.
8.2. Шарттың талаптарына сәйкес тұрақсыздық айыбын есептеу және есептеу әр ай бойынша жеке жүргізіледі. Тұрақсыздық айыбын төлеу Тараптарды Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.
8.3. Жеткізушінің кінәсінен газды жеткізу көлемі бұзылған немесе төмендеген жағдайда тұтынушы жеткізілмеген газ құны сомасынан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 1,5 еселенген мөлшерінде жеткізілмеген әрбір күн үшін, бірақ жеткізілмеген газ көлемі сомасының 10% (он пайызынан) аспайтын мөлшерде жеткізушіге өсімпұл қолдануға құқылы.

Тұрақсыздық айыбын есептеу мерзімінің басталуы есептік кезеңнен кейінгі айдың бірінші күні болып табылады.

9. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ОҚИҒАЛАРЫ

9.1. Егер бұл табиғи зілзалалар; әскери іс-қимылдар; террористік актілер; газ тасымалдау жүйесіндегі не газдың меншік иесі болып табылатын өндірушідегі авариялар мен авариялық жағдайлар; жеткізуші бақыламайтын, газ жеткізуге ықпал ететін үкіметаралық келісімдер; оның шектелуіне әкеп соққан құқықтық актілер мен мемлекеттік органдардың іс-әрекеттері сияқты еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауаптылықтан босатылады. Бұл жағдайда Тараптардың ешкайсысы шығындарды өтеуге құқылы болмайды. Тараптардың кез келгенінің талабы бойынша бұл жағдайда шарт бойынша өзара міндеттемелердің орындалуын айқындайтын комиссия құрылуы

мүмкін. Бұл ретте, Тараптар еңсерілмейтін күш жағдайлары басталғанға дейін туындаған, Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан босатылмайды.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, Тараптар олар басталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде бұл туралы бір-бірін хабардар етеді, кейіннен Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті ұйымы растаған форс-мажор мән-жайларының басталу күні мен сипаттамасын нақтылайтын жазбаша хабарламаны тапсырады не пошта арқылы жібереді.

9.2. Шарт бойынша Тараптардың міндеттемелері тек Шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерді орындауына кедергі келтіретін жағдай деңгейіндегі мерзімге ғана тоқтатылуы мүмкін.

Егер еңсерілмейтін күш жағдайлары 3 (үш) немесе одан көп айға созылса, әр Тарап шартты бұзуға болжаған күннен 20 (жиырма) күнтізбелік күн бұрын келесі тарапқа алдын ала хабарлаған жағдайда, Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте, Тараптар 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Шарт бойынша барлық өзара есеп айырысуларды жүргізуге міндеттенеді.

10. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

10.1. Шарт бойынша немесе оған байланысты Тараптардың арасында туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі.

10.2. Келіспеушіліктер мен дауларды келіссөз арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тәртіппен сот тәртібімен қарауға жатады.

11. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

11.1. Шарт 2026 жылдың «01» қаңтардан бастап күшіне енеді және 2026 жылдың «31» желтоқсанға дейін, ал ақшалай міндеттемелерді орындау бойынша олар толық орындалғанға дейін әрекет етеді.

11.2. Тұтынушы Шартқа қол қоя отырып, Жеткізушінің келесі әрекеттеріне Шарттың 6.3-тармағының 6) тармақшасында көзделген жағдайда, «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ-на ақпарат беруіне өз келісімін береді.

11.3. Шартқа өзгертулер, толықтырулар, Шарт шеңберіндегі Тараптардың келісімдері жазбаша түрде ресімделеді және екі Тараппен қол қойылған сәттен бастап заңды күштері бірдей, Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

11.4. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерде екі данада жасалды. Егер Шарттың мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалған мәтініне байланысты келіспеушілік туып жатса, Тараптар Шарт талаптарын орыс тіліндегі мәтіннің мазмұнына сәйкес талдау жасайды.

11.5. Тараптар бірінші басшы ауысқан, заңды мекенжайлары, банкілік деректемелері, атаулары, ведомствалық жабдықтары, меншік нысандары өзгерген жағдайда, жаңа есеп шоттары ашылған, жойылған және Шартты тиісінше орындауға әсер ететін басқа мәліметтері өзгерген жағдайда, бір-біріне 10 (он) күнтізбелік күннің ішінде жазбаша хабарлауы тиіс.

11.6. Шартпен реттелмеген барлық басқа жағдайларда Тараптар бойынша, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

12 СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЕСКЕРТПЕ

12.1. Жеткізуші Тұтынушыны «QazaqGaz Aimaq» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясатының (бұдан әрі - Саясат) қағидаттары мен талаптары туралы хабардар етеді. Шартқа қол қою арқылы Тұтынушы Жеткізушінің ресми веб-сайтында орналастырылған Саясатпен танысқанын растайды.

12.2 Тұтынушы Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы талаптарының сақтауға және сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ шарттың мақсаттары үшін қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілерде және шет мемлекеттердің заңнамалық актілерінде көзделген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасамауға және осы ескертпенің кепілдіктерін сақтауға міндеттенеді.

12.3. Тұтынушы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қолданылу аясына жататын қандай да бір тұлға Тұтынушының лауазымды адамы немесе қызметкері болған не Тұтынушының ұйымына қатысудың тікелей немесе жанама үлесіне ие болған барлық жағдайлар туралы Қоғамды жазбаша нысанда дереу хабардар етуге міндеттенеді.

12.4. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

12.5. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде, Тараптар және олардың қызметкерлері шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

12.6. Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) ақысыз орындау арқылы және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың

QAZAQGAZ AIMAQ AK
Для договоров Службы Сбыта
и Режима Газоснабжения

пайдасына кандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

12.7. Тарапта кандай да бір сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

12.8. Жазбаша хабарламада Тарап осы шарттардың кандай да бір ережелерін Тұтынушының, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы қолданыстағы заңнама мен халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерден көрінетін бұзу болғанын немесе болуы мүмкін екенін сенімді растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

12.9. Тұтынушы осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпенің талаптары нақты немесе ықтимал бұзылған жағдайда, Қоғамға адал көмек көрсетуге міндеттенеді.

12.10. Талаптарды бұзу жағдайлары туралы хабарлау үшін Тұтынушы ол туралы ақпарат Жеткізушінің ресми веб-сайтында орналастырылған Жеткізушінің «Жедел желісін» пайдалануға міндетті.

13. ТАРАПТАРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

ЖЕТКІЗУШІ:	«QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ	**ТҰТЫНУШЫ:**	Астана қаласы әкімдігінің "Ұ[illegible] мемлекеттік би театры" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
Мекенжай:	010000, Астана қаласы, Есіл ауданы Әлихан Бөкейхан к. 12 ғимарат	мекенжайы:	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Көктал т.а., Алмалық көшесі, 1 үй
БСН:	БСН: 020440001144	БСН:	070440004841
Банкілік шот:	KZ 046018821000894701	Банкілік шот:	KZ828562203106101561
Банктің атауы:	HSBKKZKX	Банктің атауы:	KCJBKZKX
		Телефон/Факс:	8 (7172) 30-13-99; факс 30-02-87
ЖҮК ЖІБЕРУШІ (ФИЛИАЛ)	Астана өндірістік филиалы	E-mail:	Naz-halik@mail.ru
мекенжайы:	Астана қаласы, Алматы ауданы, Б.Момышұлы даңғылы, 2/2 ғимарат		
Телефон/Факс:	8(7172)55-89-75		
E-mail:	Astana@ktga.kz		
БСН:	191 241 004 123		

ЖЕТКІЗУШІ _____
МО

ТҰТЫНУШЫ _____
МО

Тауарлық газды бөлшек саудада өткізу
Шартына№1 ҚОСЫМША

ЖЕТКІЗУШІ:

Қазақстан Республикасы, Астана қ. «QazaqGaz Aimaq» АҚ, Есіл ауданы, Әлихан Бөкейхан к, 12 ғимарат

ТҰТЫНУШЫ Астана қаласы әкімдігінің "Наз" мемлекеттік би театры" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (*жеке кәсіпкердің, мекеменің атауы)*

Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Көктал т.а., Алмалық көшесі, 1 үй *(нақты мекенжайы, объектінің орналасқан жері)*

1. ТАУАРЛЫҚ ГАЗДЫҢ БАҒАСЫ МЕН ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ

Бір мың текше.м газдың бағасы - газ тарату желілері арқылы тауарлық газды тасымалдауға арналған тариф есебімен, ҚҚС есебінсіз 44 956,14 теңге.

Жалпы жеткізу көлемі 33,900 мың текше.м.

Шарттың жалпы сомасы ҚҚС есебімен 1 767 855,25 теңге

2. ГАЗ ЖЕТКІЗУДІҢ АЙЛЫҚ КЕСТЕСІ ЖӘНЕ ГАЗ ТҰТЫНУДЫҢ ОРТАША САҒАТТЫҚ МӨЛШЕРІ:

2026 ж. айлары	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	Маусым
Тауарлық газды жеткізудің жоспарлы мөлшері, мың текше м.	4,900	4,900	4,900	4,900	-	-
Газ тұтынудың орташа сағаттық мөлшері, бір мың текше м.	0,006	0,007	0,006	0,006	-	-

2026 ж. айлары	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан
Тауарлық газды жеткізудің жоспарлы мөлшері, мың текше м.	-	-	-	4,500	4,900	4,900
Газ тұтынудың орташа сағаттық мөлшері, бір мың текше м.	-	-	-	0,006	0,006	0,006

Жеткізуді бастау мерзімі: 2026 жылдың «01» қаңтар

Жеткізуді бастау уақыты: 00 сағат 00 минут

3. **ГАЗ ЖЕТКІЗУ ПУНКТІ** техникалық шарттарда көрсетілген қосылу нүктесінен баланстық тиістілігі бойынша газ құбырларының шекараларын бөлу.

ЖЕТКІЗУШІ _____ **ТҰТЫНУШЫ** _____

М.О. **М.О.**

«QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ
Астанинский производственный филиал
Для договоров Службы Сбыта и Режима Газоснабжения

Тауарлық газды бөлшек саудада өткізу Шартына
№2 ҚОСЫМША

Газды жеткізуге арналған Акт

_____ к. Шарт № _____ 20__ ж. «___» _____

Біз төменде кол коюшылар: «QazaqGaz Aimaq» АҚ _ӨФ өкілі _____

(Лауазымы, аты-жөні)

20_ ж. «__» _____ №_____ бұйрық (сенімхат) негізінде әрекет ететін Газ тұтынушының өкілетті тұлғасы _____

_____

Кәсіпорынның (ұйымның, мекеменің) атауын көрсету, лауазымы, аты-жөні

20_ ж. «____» мен «____» аралықты қоса алғанда _____айы үшін «QazaqGaz Aimaq» АҚ АӨФ жеткізгені, ал

_____

Кәсіпорынның (ұйымның, мекеменің) атауын көрсету

МемСТ 2939-63 сәйкес стандартты жағдайларға келтірілген және есептеу аспаптарының нақты көрсеткіштерінен жазып алынған _____ нормалы текше метр газды, сонымен бірге, _____ нм^3, _____ нм^3 қабылдағаны туралы осы актіні жасадық.

«QazaqGaz Aimaq» АҚ _ӨФ өкілі _____

(Қолы, мөрі, мөртабаны)

Тұтынушының өкілі _____

(Қолы, мөрі, мөртабаны)

Есептеуге арналған алғашқы деректер: $p^{ср.мес}_{баром.}$ = _____ мм рт.ст.; $t^{ср.мес}_{газа}$ = _____ °С

Газ тұтынатын объектінің орналасқан жері	Газды есепке алу аспаптары		Аспаптардың көрсеткіштері		Аспап алдындағы қысым, кгс/см^2	Газ көлемі	
	Түрі, маркасы	Зауытнөмірі	алдыңғы	ағымдағы		Жұмыс жағдайындағы, м^3	стандарт жағдайдағы, нм^3
	20_ ж. _____ айдағы жиынтық						

_____ _____

(Тұтынушы өкілінің аты-жөні, қолы) *(Жеткізуші өкілінің аты-жөні, қолы)*

Тауарлық газды бөлшек саудада өткізу
Шартына №3 ҚОСЫМША

1. **Кәсіпорынның атауы:** Астана қаласы әкімдігінің "Наз" мемлекеттік би театры" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
2. **Заңды мекенжайы:** Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Көктал т.а., Алмалық көшесі, 1 үй
3. **Басшы:** Директоры Агимбаев Еркебулан Мулюкович
4. **Басшының байланыс телефондары:** 8 (7172)30-13-99; факс 30-02-87
5. **Газ шаруашылығына жауапты тұлға:**
   Т:А.Ә.(бұйрықпен тағайындалды, атқаратын қызметі)
6. **Жауапты тұлғаның байланыс телефондары:** 8 747 740 00 07
7. **Техникалық сипаттама:**

Орнатылған газ тұтыну жабдығы (оттық маркасы)	Жабдықтар саны		Оттықтар саны, дана/ Кол-во горелок, шт	Газды есепке алу аспабындағы газдың жұмыс қысымы, кгс/см2	Газ тұтыну жабдығы бірлігінің максимал газ шығыны м3/сағ	Газ қандай мақсатқа қолданылады
	Барлығы	Жұмыстағы				
Baltur GAS URNER газ оттығы	2	2			46,39	Жылыту

8. Газды есепке алу аспабы жөнінде ақпарат: / Информация по приборам учета газа:

Газды есепк е алу аспабының типі	Зауыттық №/	Шығарылған жылы	Сертификатты кім берді	Тексерілген күні	Келесі тексеру күні
COMMON G40	906911	30.09.2022	"Алға тексеру зертханасы"ЖШС тексеру зертханасы	30.09.2022	30.09.2027
miniELcor газ көлемін түзеткіш	2146001634	20.10.2021	АО «НаЦЭкС»	20.10.2021	20.10.2026

9. ГРП (ШРП) және оның орналасқан орны

_____

ОТҚ болуы _____

Сатушының ӨТБ тізілім № _____

_____

Газ жабдығына техникалық қызмет көрсету шартының болуы

_____

Тұтынушының өкілі

1. _____
   Басшы *Қолы М.О.*

2. _____
   Жауапты тұлға *Қолы М.О.*

Жеткізушінің өкілі _____ _____
Жауапты тұлға *Қолы*

«QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ
Астанинский производственный филиал
Для договоров Службы Сбыта и Режима Газоснабжения